

Құрметті әріптестер!

Сіздерді келе жатқан Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын.

Наурыз ежелгі заманнан келе жатқан жыл бастау мейрамы, бұл табиғаттың, жалпы тіршіліктің жаңаруы. Бұл күні біз өткенді қорытындылап, болашаққа жоспар құрамыз.

КПО компаниясы 2012 жылғы Наурыз мейрамын өндірістің рекордтық көрсеткіші, инновациялық технологиялар мен жергілікті қамтудың және әлеуметтік инфрақұрылымның дамуы, жоғарғы экологиялық көрсеткіштер мен қазақстандық қызметкерлер және мердігерлер әлеуетінің нығайтуы бойынша қол жеткізген айрықша жетістіктерімен атап өтпек.

Қарашығанақ кәсіпорнының мұндай жетістіктері көпшілік компания қызметкерлерінің еңбексүйгіштігі мен күш-жігерінің, сонымен қатар Қазақстан Республикасы, жергілікті тұрғындар және Қарашығанақ кәсіпорны бойынша серіктестер арасындағы қалыптасқан ынтымақтастықтың нәтижесі.

Көктемнің тамаша Наурыз мейрамы қарсаңында сіздерге және жаңуларыңызға тұрақтылық пен бақыт тілеймін!

Игі тілекпен,
Джузеппе Пази, бас директор

Айға бармаған Айбар

Айбар Амангелдіұлы Берғали Москваның Бауман атындағы техникалық университетіне оқуға жиналғанда шығарып салушылар: «Анау-мынау инженерлер көп, сен оқығасын оқудың түбін түсіріп оқы. Бүгінгі ғарышкерлер сияқты қол созым 200 шақырымдағы Жер шарының орбитасын айнала бермей – бірден Айға тарт!» – депті.

Қазақ Елі Тәуелсіздігінің 20-жылдығы мерекелік шараларға бай болды. Сондай мерейтойлық бір іс – көп жылдан бері Қазақстанның мұнай-газ саласы өндірісінде көрнекті де қомақты жұмыстарымен белгілі «Шлюмберже» компаниясында (Орталық кеңсесі Париж қаласында) өткізілді. Елімізде осы мекемеде еңбектеніп жүрген қызметкерлерінің ішінен мақтау-марапаттауға тұрарлық-ау деген санаулыларының қатарында Айбар Амангелдіұлы Берғали де болды. Оған мерекелік «KAZENERGY» медалі тапсырылды. Бұл медаль Қазақстан мұнай-газ және энергетика саласындағы ең құрметті марапат. Нақтырақ айтсақ, Айбар бұл марапатқа Қазақстандағы Шлюмберже компаниясының 800 қызметкерінің арасынан іріктелініп алынған азамат.

Айбар КПО компаниясына маман ретінде жақында келгенмен, Шлюмбержеде еңбек еткеніне 15 жылдың жүзі болыпты. Ол өз шеберлігін компанияның Ресейдегі «Сибнефть», «Оюос», Азербайжандағы «Бритиш Петролеум», Қазақстандағы «Шеврон», «ҚазМұнайГаз» шыңдаған. Жұмысында жақсы атқарсаң, мақтау қағаздардың астында қаласың, медаль өз алдына, жарқыратып кеуден ордан тағасың. Бұл баяғы кеңес кезеңіндегі үрдіс. Бүгінде жалақыңды уақытыңда аласың, ал, мақтау-марапат – сирек оқиға. Және осы үрдіс дұрыс та болар. Өз мамандығын жан-жақты меңгеріп, өндірісте кездесетін түрлі жағдайлардың түйінін шешуі де қызметкердің білімі мен тапқырлығын көрсеткені болса керек. Сондай адам ғана «Шлюмберже» деңгейіндегі алып компанияларды 10-15 жыл өте келе мойындатады.

Айбар оқу бітірісімен жұмысты осы Ақсайда бастаған-ды. Инженерлік мамандықтың қыр-сырын ол осында меңгерді. Цементжаз, каротаж, гидробөлшектеу және тағы басқалар. Өрқайсысы жатқан есеп-қисап. Шыңырау тереңдікте тұнып жатқан байлықты тауып, оны жоғары шығаруға жол салудың машақаты оңай шаруа емес. Есептен сал жаңылсаң, барлық жұмыс қаңтарылады да қалады. Мамандығын осындай қилы-қилы өндіріс тәжірибесінен ету арқылы жете меңгерген Айбар жерлесіміз алғаш рет өз еңбегінің оң бағалануына қол жеткізді. Әкесі айтқан Айға жете алмағанымен дүниежүзіне әйгілі «Шлюмберженің» белді инженері болып, біршама биіктерді бағындырды. Еңбегің жанысн. Қазақ Елінің ең байлығын ең игілігіне жаратуға үлесің мол болсын – деп тілейміз.

**Ақсай Наурыз тойын тойлады**

Ақсай қаласының тұрғындары Шығыс күнтізбесі бойынша Жаңа жыл боп есептелетін сүйікті мерекелердің бірі Наурызды атап өтті. Бұл күні қала халқын аудан басшыларымен бірге КПО компаниясының бас директоры Джузеппе Пази, сол сияқты жаңадан бас директор қызметіне тағайындалған Дамиано Ратти бастаған компания өкілдері де құттықтады. Наурыздың мерекелік іс-шаралары мұнайшылар мен газ өндірушілердің басты алаңында өткізілді. Шығармашылық және көркемөнерпаздар ұжымдарының қатысуымен концерттер, театрландырылған шоу, байқаулар, викториналар, спорт жарыстары, азық-түлік тағамдарының мерекелік жәрмеңкесі өткізілді.

Наурыз Қазақстанда ресми түрде наурыз айының 21-23 күндері мерекеленеді. Бұл күндері республикамызда заңға сәйкес жұмыс күні емес, демалыс күндері болып есептеледі. Наурыз жылы бұл күндер сәрсенбі-жұма күндеріне сәйкес келгендіктен, қазақстандықтар бұл жолы 24-25 наурызды, сенбі-жексенбі қосқанда бес күн қатар демалды. 2010 жылға дейін Наурыз республикамызда тек бір ғана күн, 22 наурызды тойланған болатын.

Қазақтардың ертеден келе жатқан сенім-наным бойынша күн мен түн теңескен бұл күні ағаш отырғызып, бұлақтардың көзін ашу, арықтарды тазалау қажет. Үй-ішін тазалап, дастарханға түрлі ас дайындалып қойылады. Оның ең бастысы жеті дәмнен пісірілген Наурыз көже болуы тиіс.

Наурыз деген сөз парсы тілінен аударғанда «жаңа күн» деген мағынаны береді. Оның жазылу мен айтылуында әртүрлі елдерде аздаған ғана айырмашылық бар: Новруз, Навруз, Нуруз, Невруз, Наурыз, Нооруз және басқалар. Наурыз табиғаттың жаңғырып, түлеуі, адам жанының жасаруы мен жаңа өмірдің басталуының белгісі. Наурыз келгенде бар адамзат, жан-жануарлар, жер-дүние бір сілкініп, жаңа өмір бастайды делінеді.

2009 жылдың қыркүйек айында Наурыз мерекесі ЮНЕСКО-ның адамзаттың материалды емес мәдени мұраларының репрезентативті тізіміне қосылды, ал 2010 жылғы ақпанның аяғында ООН-ның Бас Ассамблеясының 64 сессиясында 21 наурыз Халықаралық Наурыз мерекесі болып белгіленді.

Наурыз мерекесі жер бетіндегі ең ежелгі мерекелердің бірі. Ол б.э.д. VII ғасырға дейін-ақ белгілі болып, мерекеленіп келген. Ахемендтер (б.э.д. VI-V ғасырға дейін) және Сасанидтер (б.э.д. III-VII ғасырға дейін) мемлекеттерінде Наурыз мерекесі басты мереке болып саналған. Ежелгі грек тарихшысы Страбон осы мереке туралы былай деп жазады: «өте ертедегі уақытта Сырдария мен Үмудария өзендерінің жағалауындағылар От үйіне жиналған. Бұл үлкен қасиетті мереке. Бұл күні саудагерлер, ұстаханалар жұмыстарын тоқтатқан. Бәрі



көңілді түрде бірін-бірі отқа тигізілген сусындар мен тағаммен сыйлаған.

Ежелгі түркі халықтарының аңызы бойынша бұл күн түркі халқының қоршаудан құтылған күні екен. Басқаша айтқанда сол күні түріктер Эргенеконнан шығыпты.

Сондықтан да Наурыз түріктерде Жаңа жылдың басы болып қабылданып, әлі күнге дейін тойланады. Таяу Шығыс пен Орталық Азия елдерінің ежелгі дәстүрлеріне тамыр тіреген мереке арабтардың жаулап алуын бастан өткізіп қана қоймай, ислам елдерінің көптеген халықтары мәдениетінің ажырамас бөлігі болып қалды. ТМД елдерінде ұлттық мереке ретінде Наурызды татарлар, қазақтар, башқұрлар, қырғыздар, тәжіктер, өзбектер және т.б. көптеген халықтар тойлайды. Бірқатар елдерде Наурыз мемлекеттік мереке ретінде, ал 21 наурыз демалыс күні ретінде белгіленген.

Шығыс халықтарында осы мерекеге байланысты түрліше салттар мен дәстүрлер, әдет-ғұрыптар бар. Мәселен, мерекеге шамамен 15 шақты күн қалғанда ыдысқа арпа, не бидайдың дәнін салып, өсіреді. Мереке күні оның көк сабақтары 5-7 см-ге жетіп, дастарханның сәнін келтіріп, жаңа өмірдің, жаңа жылдың символындай болып тұрады.

Наурыздың алдында адамдар күнәларынан арылып, өкпелескендер болса татуласып, қарыздарын кешірісу керек. Наурыз күндері періштелер жүрегі таза, көңілі ақ, үй-іші жиналып, тазаланып, күтіп отыратын үйге береке, бақыт әкеледі. Өйткені адамдар айналдағыз тазалық адам жанының, ішкі дүниесінің тазалығын бейнелейді деп сенген. Кекшіл, өрі шайпау, салақ адамдардың үйіне періштелер бас сұғып не қылсын деп санаған.

Ежелгі уақытта Наурызды 13 күн тойлаған. Мерекенің соңына қарай адамдар жаңа жылды қарсылу үшін далаға шыққан. Табиғат аясында жаңа жылды қарсылаған адам жыл бойына бақыт пен игілікке кенелген.

Қазақстанның кәсіподақ қызметкерлері КПО-ға келді

Ақпан айының 23-інде КПО компаниясына Қазақстан кәсіподақтары Федерациясы төрағасының орынбасары С.Б. Мыңбаев бастаған Қазақстан кәсіподақтарының делегациясы жұмыс сапармен келіп кетті. Делегацияны Қарашығанақ кәсіподақтары аудандық комитетінің төрағасы Анатолий Федорович Неверов қарсылап, алып жүрді. КПО өкілдерімен кездесу КПО компаниясының бас ғимаратының конференц-залында өтті. Қонақтарды КПО-ның сервистік қамтамасыз ету жөніндегі директоры Паоло Репетти, КПО-ның еңбек ресурстары жөніндегі менеджері Антонио Малио, қызметкерлермен қарым-қатынас жөніндегі менеджер Айтгүл Муканова және КПО-ның еңбек ресурстары департаментінің басқа да қызметкерлері қарсылады.

Кәсіподақ комитеті мүшелерінің сапар барысындағы басты мақсаты – Батыс Қазақстан облысындағы кәсіподақтың бастауыш ұйымдарымен кездесу. Ақсайға келместен бұрын қонақтар Орал қаласында болып, өз әріптестерімен бірнеше кездесулер өткізген. Қонақтар қызметкерлердің еңбек жағдайларымен, қабылданған қауіпсіздік шараларымен және компания қызметкерлерінің денсаулығын қорғау шаралары туралы мәселелерге қызығушылық танытты.

Делегация мүшелері өз сапарларының мақсаты туралы егжей-тегжейлі әңгімелеп берді. С. Мыңбаев мырза былай деді: «Біз КПО компаниясы туралы және бұл компанияның КПО-ның өндірістік нысандарында еңбек жағдайларын жақсарту мен қауіпсіздік технологиясын сақтау ережелері бойынша қабылданған шаралар туралы көп естідік».

Өз кезегінде Паоло Репетти қонақтарға КПО компаниясының өндірісте қауіпсіздік технологиясын жақсарту бойынша қызметі туралы айтып берді. «Біздің мақсатымыз КПО-ның әрбір қызметкері немесе



мердігерлік ұйымдардың әрбір қызметкері жұмыс ауысуынан кейін үйлеріне сау-саламат, ешқандай өндірістік жарақатсыз оралуы. КПО компаниясы қауіпсіздік техникасы бойынша өз жетістіктерімен мақтана алады» – деді Репетти мырза. Бұдан басқа Паоло Репетти қонақтарға КПО компаниясының аумақтың әлеуметтік саласына қосқан үлесі бойынша егжей-тегжейлі ақпарат берді. КПО компаниясының бас ғимаратында өткен кездесу аяқталғаннан кейін қонақтарға Қарашығанақ кен орнын аралап көру ұсынылды. Бұл экскурсия барысында оларға КПО-ның өндірістік нысандары, Қарашығанақ кен орнын игеру мен пайдалану барысы туралы әңгімеленіп берілді.

Кездесу аяқталғаннан кейін С.Мыңбаев мырза КПО компаниясының өкілдеріне қонақжайлықтары мен екі жақты пайдалау болған жылы өңгіме үшін алғыс айтты. Сонымен бірге ол алдағы уақытта да өзара қарым-қатынас пен түсіністік болатынына және осындай кездесулер болашақта да жалғаса беретініне сенім білдірді.

Қымбатты ханымдар!

8 Наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында шын жүректен өздеріңізге арналған құттықтауларым мен тілектерімді қабыл алыңыздар!

Қарашығанақ жобасындағы табыстарға сіздердің ерен еңбектеріңіз бен кәсіби үлестеріңіздің және қызметте көрсеткен таланттарыңыздың арқасында қол жеткізе алдық. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып барлықтарыңызға шын жүректен алғысымды білдіруге және сіздерге бақыт, аман-саулық және сәттілік тілеуге рұқсат етіңіздер!

Мерекелеріңіз құтты болсын!

Джузеппе ПАЗИ,
КПО Бас директоры



Экология вице-министрімен кездесу

Қоршаған ортаны қорғау Министрлігінің вице-министрі Мирлан Мұхамбетов Бөрлі ауданында жұмыс сапарымен болып кетті. Сапар барысында ол аудан активімен кездесіп, Қарашығанақ жобасында болды.

ҚР Президентінің Қазақстан халқына кезекті Жолдауын түсіндіру Қоршаған ортаны қорғау Министрлігінің вице-министрі М.Б. Мұхамбетовпен аудан әкімдігіндегі кездесудің басты тақырыбы болды. Вице-министр аудан активінің алдында аталған тақырып бойынша баяндама жасады. Әңгіме барысында еліміздің таяу жылдардағы өсіп-өркендеуінің негізгі бағыттары сөз болды. Және барлық салада бұл жұмыстарды жандандыру, әсіресе тұрғындардың өмір сүру деңгейін көтерудегі маңызы зор сала ретінде экономика саласына басымдылық берілді. Экономиканың дамуындағы жаңа кезең мемлекетіміздің қол жеткізген табыстарының жаңа көкжиегін ашады.

Кездесудің екінші бөлімінде жергілікті тұрғындарды қызықтыратын сұрақтар берілген еді. Соның бірі Қарашығанақ қызметкерлері кәсіподағы аудандық ұйымының төрағасы Анатолий Неверовтың ұсынысы болды. Кен орнындағы барлық қызметкерлер мен мердігерлік ұйымдардың атынан сөйлеген ол қоршаған ортаны қорғау Министрлігіне газды қайта өңдеу зауытын салу кезінде күкіртті жою вариантынан бас тартуды, әсіресе, Жайық өзенінің жер асты сулары жақын орналасқандықтан газды кері айдау тәсілдерін тереңірек ойластыруды ұсынды. «Бұл жерде біздің балаларымыз бен немерелеріміз өмір сүретін болады», - деді А.Ф. Неверов, - сондықтан да бізді экология мәселесі көбірек толғандырады. Сөз жоқ, бүгін біз өсімдіктер және жануарлар әлемі мен ірі өндіріс орнының үйлесім тапқанын бақылай аламыз. Даламызда бір кезде жоғалып кеткен саршұнақтар пайда болды, кен орны аумағында тырнарлар уя салуда, бұдан басқа да аңдар мен құстарды көріп жүрміз. Шамасы, ауа да, су да, жеріміз де оларға қолайлы сияқты. Осының өзі көңілге жұбаныш. Екінші жағынан алғанда жаңа зауыттың керек екенін бәрі түсінеді, бұл дегеніңіз әрі жаңа жұмыс орны, әрі тұрақты жалақы



және нақты болашақ. Сондықтан да қалдықтарды сақтау бойынша таңдап алынған варианттың барлық жақсысы мен жаманын таразылау қажет. Біз ТШО-ны мысалға келтіре аламыз: өйткені Атырауда осынау өте зиянды зат екі-үш қабатты үйдей болып үйіліп жатты. Зауыт салу үшін таңдап алынған жерден Жайық өзенінен 12-15 км шамасында екенін естеріңізге сала кетейін. Демек табиғатты бүлдіреміз деген сөз. Сонымен бірге егер аталмыш қалдықтарды жер астына қайта айдау варианты таңдалатын болса, оны айдау үшін жер асты суларын өндіру керек болады. Ал бұл дегеніңіз тағы да Жайық сулары. Демек біздің басты экологиялық мәселеміз осы өзен болады және жергілікті табиғатқа мұқият болуымыз керек. Күкіртті жинаудан бас тарту жобаны қымбаттатып жіберуі де мүмкін. Бірақ, осы ауданда тұрып жатқан 50 мың адамның өмірі де қымбат қой!»

Тұрғындардың экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне алаңдаулары бәрімізге

түсінікті, олар балаларымыз бен немерелерімізге не қалдыратынымызды ойлайды. Министрліктің экологы залдағыларға ұсынылған жобаларды жүзеге асыра алдында алдын ала міндетті түрде қоршаған ортаға әсері бааланатынын еске салды. Жобалаушылар қалдықтар мәселесін шешудің ең ықтимал вариантын таңдап алу үшін біршама еңбектенуге және бұлжытпас себептерін табуға тура келеді. Барлық өндірістік процестерде зияндылығын өте төмен деңгейге дейін жеткізуге мүмкіндік беретін қайта өңдеу технологиясының заманауи өркендеу үрдісін де ұмытпағанымыз жөн. «Тенгизшевро» компаниясының практикасында мынадай да фактілер болған: ашық алаңда 9 миллион тоннаға дейін күкірт жиналып жатты. ТШО Үкіметпен келісім бойынша осы қалдықтардың 5 миллионға жуығын алып кетті және соңғы кезде коммерциялық тауар ретінде қызықтыра бастаған күкіртті сатуды жалғастырып жатыр. Және бұған қызығушылық танытқан Қытай елі болып отыр. Газды өңдеу тәсілдерінің оңтайлы вариантын таңдағанда экология жағынан қарағанда ең ұтымды өндірістік процестерге ден қойылатыны сөзсіз.

Вице-министр түске дейін аудан басшыларымен бірге Қарашығанақ кен орнын аралады. Қайта өңдеу кешенінің әкімшілік ғимаратында КПО-ның бас директоры Джузеппе Пазимен және компанияның басқа да өкілдерімен кездесті. Вице-министрге Қарашығанақ жобасының өркендеуіне қатысты, сол сияқты КПО компаниясының аумақтың әлеуметтік және экономикалық саласына қосқан үлесі бойынша егжей-тегжейлі ақпарат берілді.

Жоғары мәртебелі қонақ сапар барысында кен орнының өндірістік нысандарын аралап көрді. Біз табиғат қорғау шараларының бағдарламасымен танысып көрдік, - деді М. Мұхамбетов. - КПО ҚР-ның барлық заңнамалық экологиялық нормаларын орындауды қамтамасыз етуге елеулі күш жұмсап отырғанын айтуға тиіспіз. Олар ҚО мониторингінің автоматты станциясы, өндірістің жаңа технологиясы және қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі экологиялық орталық, Әрине, проблемалық мәселелер де жоқ емес, олар көмірсүтегін өндіру барысында кездесетін жағдайлар. Бірақ компания өндіріс үшін көкейтесті болып есептелетін осы мәселелердің шешімі бойынша барлық жауапкершілікті өздеріне алып отыр.

Бөтен бала болмайды

КПО компаниясының өкілдері жақында Орал қаласында болып, «Шапағат» атты дәрігерлік-әлеуметтік мекемесінің тәрбиеленушілеріне нағыз мереке сыйлады. 2012 жылдың 5 наурызында мүгедек балаларға арналған 20 қолбарға әкеліп, соны тапсыру салтанатын өткізді. Мүмкіндігі шектеулі балалардың осынау көптен күткен қуанышын «Шапағат» дәрігерлік-әлеуметтік мекемесінің күндізгі тәрбиеленушілерімен бірге облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының өкілдері, КПО-ның тұрақты дамуын қамтамасыз ету жөніндегі бөлімнің қызметкерлері, Бөрлі ауданының БАҚ өкілдері, сол сияқты «Шапағаттың» тәрбиеленушілерінің ата-аналары да бөлісті.

20 мүгедектік қолбарбаны тапсыру салтанаты ресми сөз сөйлеуден басталды. Сөз алғандар БҚО бойынша мүгедектерді заманауи техникалық құралдармен қамтамасыз ету туралы ойларын ортаға салды.

«Шапағат» дәрігерлік-әлеуметтік мекемесінің директорының әлеуметтік мәселелер бойынша орынбасары С.У. Бисенова көрсетілген көмек үшін алғыс айтты. Ол КПО компаниясының әлеуметтік маңызды істердегі үлесін атап өтіп, компания басшылығына қайырымдылықтары үшін және балалардың қажетіне үлкен сергектіктен қарағандары үшін ризашылығын білдірді. Қазіргей күрделі уақытта, қайырым мен әлеуметтік көмекке зәру адамдардың көбейген кезінде осындай мекемелердің көрсететін қызметтер спектрін кеңейту мен материалдық базаларын жақсарту қажеттігі туындайды. Осыған байланысты өткен жылдың тамыз айында «Шапағат» балалардың күндізгі дәрігерлік-әлеуметтік ұйымы ММ директоры И.Е. Жазықбаев КПО компаниясының басшылығына мүгедектерге арналған қолбарба сатып алуға демеушілік көмек сұрап хат жазған болатын. Осынау әлеуметтік маңызы бар мәселенің шешімін табуына КПО Б.В. компаниясының бас директоры Джузеппе Пазимен үлкен жауапкершілікпен қарады. Сөйтіп көмекке зәру балаларға қолдау көрсету жолын тапты. Бүгінгі әкелінген сыйлық өте қажет еді және балаларға жақсы көңіл күй сыйлады. Батыс Қазақстан облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды

үйлестіру басқармасы бастығының орынбасары Д.С. Искакова КПО компаниясының демеушілік көмегі арқасында жүзеге асырылған демеушілік жобаның маңыздылығын атап өтті. Бұл шараға көпшілік назары ауып отыр.

КПО компаниясының өкілдері Ж. Қажиденова мен А. Адилова сыйлықтарды тапсыра тұрып, осы сыйлықтардың балалардың денсаулығын түзеуге септігін тигізеді деп сенетіндерін айтты. Олар өз сөздерінде КПО жүзеге асырып жатқан Бөрлі ауданы, Батыс Қазақстан облысы ғана емес, жалпы қоғамның көмекке зәру бөлігін қолдауға бағытталған басқа да бірқатар жобалары туралы да айтып өтті. «Біз бұл креслоларды компаниямыздың демеушілік бағдарламасынсыз сіздерге сыйлай алмас та едік» - деді КПО өкілдері.

Сондай-ақ кездесуде ата-аналар Ж.Т. Туkenова мен Р.А. Бахтиярвалар сөз сөйлеп, КПО компаниясына осындай тамаша сыйлықтары үшін алғыс айтты: «Сіздер біздің балаларымыздың өлемін біршама кеңейттіңіздер».

«Шапағатқа» 3 жастан 18 жасқа дейінгі, бала жасынан экологиялық, генетикалық және басқа да факторлардың әсерінен мүгедек болған, толық және әлеуметтік жағынан жақсы қамтылған отбасылардың балалары барады. Бүгінгі таңда «Шапағатқа» баратын 48 баланың 20-ына БЦП (ДЦП), яғни «толықтай қозғалмаушылық» диагнозы қойылған.

«Шапағат» балалардың күндізгі дәрігерлік-әлеуметтік ұйымы Мемлекет басшысының ұсынысымен шетелдердегі мүгедек балаларға арналған әлеуметтік үйлестіру жобасы бойынша құрылған өзгеше бір мекеме. 2009 жылдан бастап мұндай мекемелер үш қалада жұмыс жасайды: Астана, Алматы, Орал. Мұндай мекемелердің ашылуы мүгедек балаларға күні бойы өмір сүруге бейімделуге мүмкіндік береді және мамандардың қарауында болады. Ал бұл уақытта ата-аналардың жұмыс жасауға жағдайлары бар. «Шапағат» балалардың күндізгі дәрігерлік-әлеуметтік ұйымы ММ ұжымының негізгі мақсаты - мүгедек балалардың денсаулығын ескере отырып, олардың қоғамда өздерін ойдағыдай сезінуі үшін барынша жағдай жасау болып табылады. Бұл дегеніңіз жеке дара дәрігерлік, әлеуметтік, тұрмыстық,



педагогикалық және реабилитациялық қызметтер кешені. Мүгедек балалар ауру болғандықтан сабақтарға қатыса алмайды, ал олардың өсіп-даму деңгейі рефлекторлық деңгейде жүзеге асырылады.

Кездесудің ең айтулы тұсы - мүгедектерге арналған жеке қолбарбаның ең кішкентай мүгедек балаларға тапсырылу сәті болды. Мүгедек балалардың көпшілігі осы арбаларды бірнеше жыл күткен екен. Олардың бәрін де бір-ақ нәрсе біріктіреді: бастарындағы дені сау адам түсіне бермейтін проблемаларымен күресу. Мүгедек балаларға бұл көмектің қажет және өте маңызды болғаны сөзсіз. Енді бұл балалар ғимарат ішінде еркін жүріп қана қоймай, оның сыртындағы мәдени-көпшілік шараларына қатыса алатын болды. Яғни кинотеатрлар мен театрлар, саябақтар мен Орал қаласының мұражайларына жол ашылды.

Шараның ресми бөлімі аяқталғаннан кейін қонақтарға «Шапағат» балалардың күндізгі дәрігерлік-әлеуметтік ұйымы ММ тәрбиеленушілерінің күшімен концерт қойылды. Балалар ән шырқады, музыкалық аспаптарда ойнап, би биледі. Жиналғандар олардың өнерлеріне тәнті болып қол соқты.

Соңынан КПО компаниясының өкілдері қолбарба ие болған балаларға жүріп-тұру техникасын, осынау қаралайым қондырғының мүмкіндіктерін көрсетіп берді. Балаларға деген қамқорлық және келген қоғамның дамуындағы маңызды сәттердің бірі жез КПО компаниясы бұл бағытта көптеген істерді атқарып келеді.